

Үржар ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Абай облысы Үржар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 18 наурыздағы № 13-243/VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 27 наурызда № 237-18 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Үржар аудандық мәслихатының 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 31-652/VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Үржар аудандық мәслихатының 31.12.2025 № 31-652/VIII шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Үржар ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Үржар ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшерін салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 %-дан 3 %-ға дейін төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Үржар аудандық мәслихатының төрағасы

А. Омаров